

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туу

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 79 (7039)

Жексенбі 22 әпрел 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Ленин—Сталин идеясы совет халқын жауды біржолата жеңу күресіне рухтандырады

Ұлы Ленинің туғанына 1945 жылғы 22 әпрелде 75 жыл толуын Советтер Одағының халықтары Қызыл Армияның неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте тарихи жеңістері жағдайында өткізгелі отыр. Ленин туы астында Сталиннің басшылығы арқасында Батыр Қызыл Армия совет жерін гитлершіл араңшалардан азат етіп, еліміздің халықтарын неміс-фашист құлдығынан сақтап қалды. Ол Европа халықтарының фашист тепкісінен құтқарылуына көмектесті, соғысты Германия жеріне көшірді, сөйтіп қазір одақтасармыздың әскерлерімен қол ұстасып, гитлершіл армияны талқандау ісін ойдағыдай аяқтағалы отыр.

Ленин—ССРО халықтарының ұлы көсемі және ұстазы, біздің дәуіріміздің асқан ұлы революция қайраткері. Ол большевиктер партиясының негізін қалады және жұмысшылар мен шаруалардың елімізде империалистердің өкметін жою, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуы жолындағы күресіне басшылық етті. Ленин ССРО халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің негізі, халықтар арасындағы бейбітшілік тірегі—адамзат тарихында тұңғыш рет советтік социалистік мемлекет құрды. Шет ел шапқыншылығы және азамат соғысы жылдарында Ленин совет республикасын қорғауға дем беруші, Қызыл Армияны ұйымдастырушы және оның басшысы болды. Ол елімізде социалистік қоғам құру жолын көрсетті, еңбекшілерді ССРОда социализм құру ісіне рухтандырды.

Ленин—алдыңғы қатарлы ғылымның асқан ұлы қайраткері. Марксистік теорияны творчество жағынан дамыта отырып және оны пролетариаттың таптық күресінің жаңа тәжірибесімен және ғылымның жаңа табыстарымен байыта отырып, Ленин империализм дәуірінің қоғамдық дамуының заңын тапты. «Ленинизм империализм мен пролетарлық революция дәуіріндегі марксизм. Дәлірек айтқанда: Ленинизм жалпы пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы, әсіресе пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасы» (Сталин).

Ленин—совет елі халықтарының ұлттық мақтанышы. Ол халқымызда бар игі жақсы және ұлы қасиеттерді өз бойына жыйған. Революция даяршылығы, ұлы сипатты басшы күресте қорқуды білмейтін тау қыраны,—осылай сыйпаттады Ленинді Сталин жолдас.

жүзінде өзіне теңдесі жоқ» (Ленин).

Жұмысшылардың, шаруалар мен интеллигенцияның одағы совет мемлекетінің негізі болып табылады. ССРО дүние жүзіндегі ең демократияшыл мемлекеттік ұйым болып саналады.

Ленин мен Сталин совет мемлекеті негіздерінің бірі еліміздің халықтарының достығы болып саналады деп үйретіп келеді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы Ресей халықтарының жағдайының негізінен өзгертті. Ол ұлт қанаушылығын жойды, Ресей халықтарының тең және тәуелсіз өкелдігін жасап, халықтар достығының негізін қалады.

Ленин мен Сталин басшылығы арқасында 1922 жылы халықтардың өз еркімен одақтасуы және теңправдылығы негізінде жұмысшылар мен шаруалардың көп ұлтты мемлекеті—Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды. Большевиктер партиясы мен совет мемлекеті еліміздің халықтарының экономика, саяси және соғыс жағынан өзара көмектесуі негізінде туысқандық еркін ынтымағын орнату міндетін орындады, халықтар арасында болып келген теңсіздікті жойды, олардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің шырынды гүлденуін қамтамасыз етті. Ұлы орыс халқы совет өкметі жағдайында еліміздің халықтарын көп ұлтты, бір тұтас мемлекетке біріктірді. Отан соғысы Сталин жолдасын «ССРО халықтары арасындағы достық—зор және елеулі жеңіс. Өйткені бұл достық бар да, еліміздің халықтары еркін және жеңімпаз болды» деген данышпандық сөздерін толық дәлелдеді.

1917 жылдың өзінде-ақ Ленин партиямыз бен халқымыздың алдына: алдыңғы қатарлы елдерді қуып жетіп, оларды экономика жағынан да басып озу сияқты тарихи міндет қойды. Ленин бүкіл экономиканы социалистік негізде қайта құру ісінде қуатты ауыр әнеркәсіп шешуші роль атқаруға тиіс деп үйретті. Оңсыз, деді Ленин, біз өз алдымызға ел бола алмаймыз. Ленин ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың жолын көрсетіп берді. Ұсақ шаруашылық болып тұрып мұқтаждықтан шыға алмаймыз, деді Ленин. Жаңа озат техниканың негізінде шаруалардың ұсақ шаруашылығынан ық, коллективтендірілген жер шаруашылығына көшу арқылы ғана түйықтан шығуға болады.

да тырыз топталды.

Отанымыздың күші—Ленин-Сталин партиясының күшінде.

Лениннің табыты жанында Сталин жолдас совет мемлекетін мейлінше нығайтуға ант берді. Сталин жолдас бастаған большевиктік партия Ленинің данышпандық өсиеттерін орындай отырып, прогресшіл адам баласының алдыңғы қатарлы мемлекеті, озат демократия тірегі болған қуатты социалистік мемлекетті тынбастан нығайтты. Отан соғысының барысында совет мемлекеті мен совет стройы өзінің күші мен мызғымас беріктігін көрсетті.

Отанымыздың күші—совет өкметінің күшінде.

Ленин совет мемлекетінің экономикалық, саяси және соғыстық қуатының аса маңызды негіздерінің бірі ретінде еліміздің халықтарының еркін достық одағын тыңбастан нығайтуға өсиет етті. Большевиктер партиясы Сталин жолдасын басшылығы арқасында Ленинің бұл өсиетін де орындады. Барлық өсілдер мен ұлттардың Ленинді-Сталиндік теңдік идеологиясына, халықтар достығының идеологиясына ССРО халықтарының туысқандық семьясын біріктіріп, мейлінше нығайтты. Көп ұлтты совет мемлекеті Отан соғысы кезінде барлық сыннан аброймен өтіп ғана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің соғыстық және саяси күш-қуатын шыңдай түсті.

Отанымыздың күші—ССРО халықтарының мызғымас достығында.

Сталин жолдас Ленинің бір елде социализм жеңісін мүмкін екендігі туралы теориясын қорғап, дамытты, сөйтіп ССРО да социалистік құрылыс басқарды. Сталин жолдасын басшылығы арқасында елімізде социализм құрылды. Социализмнің жеңісі ССРОның соғыстық қуаты өсуінің негізі болды. «Октябрь революциясы туғызған әлеметтік құрылыс халқымыз бен армиямызға ұлы және жеңімпаз күш берді» (Сталин).

Сталиндік бес жылдықтар Советтер Одағының бейнесін негізінен өзгертті. ССРО қуатты индустриялы ел болып алды. Бұрын мешеу қалған одақтық республикалар қазір қуатты индустриялы мемлекетке айналды.

Сталин жолдас ауыл шаруашылығын әр кендетудің социалистік жолы туралы Лени идеяларын творчество жағынан дамытты. Сталин жолдасын басшылығымен коллективтендіру және ақырғы капиталистік тап—кулактарды жою негізінде ССРОда

Ленин туы астында, Сталиннің басшылығымен совет халқы неміс-фашист басқыншыларды біржолата жеңілу үшін сеніммен алға басуда.

Ленин—Сталиннің жеңімпаз ұлы туы жасасын!

И. СТАЛИН

Ленин туралы

Кремль курсанттарының мәжілісінде 1924 жылы 28 январьда сөйлеген сөзінен

ТАУ ҚЫРАНЫ

Мен Ленимен ең алғашқы рет 1903 жылы таныстым. Рас, бұл танысу көзбе көз емес, сырттан, хат арқылы танысу еді. Бірақ бұл танысу менің ойымда өшпес із қалдырды, бұл мен партияда жұмыс істегелі ешбір өсімнен кеткен жоқ. Ол кезде мен Сибирьде, айдауда жүрдім. Ленинің 90-жылдардың аяғынан бері, әсіресе 1901 жылдан кейінгі, «Искра» шыққаннан кейінгі революциялық істерімен танысу маған Ленин көлім ті жай адам емес, деген сенім туғызды. Онда Ленин менің көз алдыма партияның жай басшысы болып көрінген жоқ, ол партияны нағыз жасаушы болып көрінді, өйткені партиямыздың ішкі мәні мен жедел тілектерін бір Ленин ғана ұға білді. Ленинді партиямыздың басқа басшылары мен салыстырғанда маған ылғи: Ленинің үзентілері—Плеханов, Мартов, Аксельрод және басқалар—Лениннен көп төмен тұрғандығы көрінді, олармен салыстырғанда Ленин басшылардың жай бірі ғана емес, ұлы сипатты басшы, күресте қорқуды білмейтін, партияны орыс революциялық қозғалысының соны жолдарымен алға батыл бастайтын тау қыраны болып көрінді. Осы ойдың көкейіме қонғаны сонша,—сол кезде эмиграцияда жүрген бір жақын досыма Ленин туралы хат жазып, оның пікірін сұрауды хат жаздым. Бір аз уақыттан соң, Сибирьде айдауда жүрген кезімде,—бұл 1903 жылдың алғы еді,—мен досымның қуанышты жауабын және Ленинің қарапайым, бірақ терең мазмұнды хатын алдым; бақсам, досым Ленинді менің хатыммен таныстырған екен. Ленинің хаты пәлендей үлкен емес еді, бірақ ол хат партиямыздың практикасын батыл түрде талқалай сынап, партияның жолы туралы жұмысшылардың

пікірі, бас айнағанда кұлшына қол сермеудің жоқтығы, құр сыртқа ғана әсер ететін сұлу сөйлемдердің болмауы—міне осының бәрі Ленинің сөзін кәдімгі «парламент» шенеундерінің сөзінен артық етіп айырып тұратын.

Бірақ сонда мені билеп алған—Ленин сөздерінің бұл жағы емес еді. Мені билеп алған—Ленин сөздеріндегі жеңістік бермейтін логика күші еді; Ленин сөздеріндегі логика күші бірсыпыра құрғақтау, бірақ оның өресіне тыңдаушыларды әбден менгеріп, бірте-бірте әдеттендіріп, соңынан тегіс билеп алады. Өлі есімде, сонда делегаттардың көбі: «Ленин сөздеріндегі логика бейне бір күдіретті қысқаш тәрізді, ол сені жан жағынан қысып қоршап алады да, оның құшағынан шығуға шамаң жоқ: не көнесің, не мұрттай ұшпаң бей байлайсың» деген еді.

Менің ойымша, Ленин сөздеріндегі бұл өзгешелік—оның шенеундік өнерінің ең бүлкіт жағы.

ҚЫҢЖЫЛМАУШЫЛЫҚ

Мен Ленинді екінші рет 1906 жылы партиямыздың Стокгольмдегі съезінде көзестірдім. Бұл съезде большевиктер азшылық болып шығып, жеңіліп қалғаны мәлім. Мен сонда Ленинді жеңілген кісінің күйінде бірінші рет көрдім. Ол жеңілсе қыңжылып, еңсесі түсетін кәсемдерге ешбір ұқсамайтын. Қайта, жеңілу Ленинге—өзінің жақтастарын жаңа күрестерге, келешекте жеңуге ұмтылдыратын күш қайрат бітірді. Мен Ленинің жеңілуі туралы айтып отырмын. Бірақ бұл қандай жеңілу еді? Ленинге қарсыларға, Стокгольм съезінде жеңіп шыққан Плеханов, Аксельрод, Мартов және басқаларға қарап: олардың нағыз жеңушілерге ұқсайтынын жеті тым аз еті айтқан Ленин мені

ды. Көпшілік дегеніміз—күш, көсе күшпен санаспай тұра алмайды. Мұны партияның басқа басшылары кем ұққап жоқ. Бірақ Ленин ешуа әсересе көпшіліктің табан тірейтіндігіне негізі жоқ кезде, көпшілік ли болған емес. Партиямыздың тар да көпшіліктің пікіріне партияның тік мүдделері пролетариаттың тұңғыш делеріне қайшы келген кездер б Мұнтайға Ленин ойланбай-ақ партия көпшілігіне қарсы принципшілік ал шықты. Ол-ақ, мұндайда ол, өз қандай, «принципті саясат—бір дұрыс саясат» сөзіне сүйеніп, жәзі жұрттың бәріне қарсы шығуда мықпап емес.

«Принципті саясат—бірден-бір саясат»,—Ленинің пролетариаттың элементтерін революциялық марксизмге тартып, «жаңа бата алмаған» позицияларды батылы жетіп алуын дем берген формула осы.

БҰХАРАҒА СЕНУ

Халықтардың тарихын білетін, респубикалардың тарихын білген аяғын тексеріп өткен партия теореті мен кәсемдерінің кейде бір келіспейтіндігі мінсіз—ауруы болады. Бұл ауаты —бұхарадан қорқу, бұхара творчестволық күшіне сенбеу. Ол салдарынан, революция тарихында, маған бодса да, ескіні қыйрағып, жақұратып бұхараға кәсемдердің кейбі қытта бір түрлі аристократтық жағтады. Стихияның асынып кетуінің, бұхараның «көп нәрсені босқарып тастауы мүмкін» деп қорқу, бұны кітаптан үйретуге тырысатын, бұхарадан үйренгісі келмейтін қ

болса да, үрейленуге ұқсас нәрселердің қандайынан болса да аулақ болуға тиіс, үрейленуге ұқсас нәрселердің қандайынан болса да Ленин қандай аулақ болса, олар да сондай аулақ болуға тиіс, толық бол жауды керек қылатын және барлық пюстер мен министрді қай жағынан болса да ескеріп отыруды керек қылатын мәселелерді шешкенде, олар Лениндей да на болып, саспай шығуға тиіс, Ленин қандай тыныш және адал болса, олар да сондай болуға тиіс, Ленин өз халқын қандай сүйген болса, олар да өз халқын сондай сүйуге тиіс» деп үйретіп отыр.

Ленин—Сталиннің мәңгі өшпес идеясы халқымызды қаруландырып, оны социалистік революцияның жеңіп шығуы және социализм құру жолындағы күреске рухтандырады, олар қазір совет халқын жауды біржолата жеңіп шығу жолындағы күреске рухтандырып отыр.

* * *

Ленин «біздің дәуіріміздің ақыл-ойының, абройы мен ар-намысының» несі айымды болып шықты. Ресейдегі және шет елдердегі революция қозғалысының тәжірибесін данышпандықпен қорытып, Ленин пролетариаттың басшы ұйымы, оның өкмет билігін өз қолына алу жолындағы күресіндегі негізгі қаруы ретінде партия туралы ғылым жасады. Пролетариаттың революцияшыл партиясы болмайынша,—деп үйретті Ленин,—протетарлық революцияның жеңісі, социализм жеңісі мүмкін емес.

Ленин революцияшыл пролетарлық партияның алғашқы зор бастамасы—жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағынан» бастап қазіргі уақытта дүние жүзіндегі тұңғыш советтік социалистік мемлекетке басшылық етіп отырған болып шықты. Ленин партиясына дейінгі бұл жаңа партияны топтастырып, тәрбиеледі. Ленин ширек ғасырдан аса уақыт «біздің партиямызды тәрбиеледі, оны дүние жүзінде ең күшті және ең шыныққан жұмысшы партиясы етіп тәрбиеледі». (Сталин).

Біздің партиямызды Ленинмен бірге оның ең жақын серігі—Сталин жолдас ұйымдастырып, тәрбиеледі.

Ленин мен Сталин большевиктік партияның ұйымдастырушылық іргесін қалады. Ол жұмысшы табының алдыңғы қатарлы, идея жағынан шыныққан, ұйымдасқан отряды, оның таптық ұйымының жоғарғы түрі, қоғам құрлысы даму заңдарының ғылымимен қаруландырылған және пролетариаттың революциялық күресіне басшылық ете алатын партия болып саналады.

Ленин мен Сталин большевиктер партиясын қанаушы таптарға қарсы жойқын ұрыстарда, ұсақ буржуазияшыл партияларға және большевиктер партиясының ішіндегі оппортунистік топтарға қарсы күресте топтастырды.

Ленин бізді Бұхараны ғана үйретіп қоймай, сонымен қатар Бұхарадан үйренуге үйретті. «Большевиктердің күштілігі,—дейді Сталин жолдас,—өздерін тапқан, ақ суын бәрін тәрбиелеген ағасы,—Бұхарамен байланыс жасайтындығында. Өзінің ағасы—халықпен байланыс жасап тұрғанда олардың жеңіліс болып қалуына барлық сүйемшіліктер бар».

Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында большевиктер партиясы күрес пен жеңістің зор және даңқты жолынан өтті. Біздің партиямыздың тарихының ең тәжірибесінің молдығы жағынан дүние

асырды. Еліміз аграрлық және техника жағынан артта қалған елден қуатты индустриялы және колхозды елге айналды.

Ленин совет халқының өзінің советтік Отанын сақтап қалуға ерқашанда әзір тұру рухында тәрбиеледі. Владимир Ильич жұмысшылар мен шаруаларға арнаған сөзінде, —әзір тұрындар, еліміздің отан қорғау күш-қуаты мен Қызыл Армияны көздің қарашығындай сақтаңдар,—деді.

Ленин партиямызды социалистік Отанды қорғау идеясымен қаруландырып, шет ел соғыс шапқыншылығы мен азамат соғысы кезінде совет халқын Отанымыздың жауларына қарсы күреске жігерлендірді.

Өкмет басына келген пролетариат, деп үйретті Ленин, «жаңа таптың жаңа армиясын, жаңа тәртібін, жаңа соғыс ұйымын» құрған жағдайда ғана өзінің мемлекетін нығайтып, социалистік революция жеңістерін сақтап қала алады. (Шығармалар жыйнағы, 23—том, 379-бет).

Бұл жаңа армияны—Қызыл Армияны Ленин мен Сталин ұйымдастырды.

Ленин мен Сталин Қызыл Армияны совет еліне, совет халқына шексіз берілгендік рухта тәрбиелеп, жауынгерлер мен командирлерді социалистік Отанымыздың игілігі үшін жанқиярлық ерлік істерге және қаһармандыққа жігерлендірді.

Ленин майдан мен тылдың бірлігі, әділетті, азаттық соғыс жағдайында өз армиясына халықтың көмектесуі жеңілдегі мәселені барлық жағынан талдап шешті. Ленин соғыс кезінде бүкіл совет халқынан, миллиондаған тыл қызметкерлерінің өздерінің жұмыс орындарында майданда армия қандай жанқиярлықпен шайқасып жүрген болса, сондай жанқиярлықпен жұмыс істеуін, барлық күштің жауды жеңіп шығу ісіне бағындырылуын талап етті.

1924 жылғы 21 январьда Владимир Ильич Ленин қайтыс болды. Бірақ Ленин ісі өмір сүріп келеді. Ленин ұйымдастырып, тәрбиелеген большевиктер партиясы өзінің қатарын Ленин туының төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтандыра түсті. Ленин ісін алға апарушы кемелгер Сталин жолдас Ленин туын шыңға көтерді. Лениннің табыты жанында Сталин жолдас большевиктік партияның атынан совет халқы атынан Ленин өсиеттерін орындауға хасиетті ант берді. Ленин партия мүшесі деген ұлы атақты жоғары ұстап, кіршіксіз таза сақтауға, партиямыздың бірлігін кезің қарашығындай сақтауға өсиет етті. Сталин жолдас бастаған партиямыз Лениннің бұл өсиетін аброймен орындады және орындауда.

Сталин жолдас большевиктік партияны бұрынғыдан да нығайту, оның қатарының беріктігі үшін, Ленинизмге кір шалдырмау үшін қажырлы қайратпен күрес жүргізді. Ленинге қарсы және партияға қарсы ағымды жоймайынша, партияның бірлігін нығайтпайынша Ленин өсиеттерін жүзеге асыруға болмайды, социализмге қарай жеңіспен алға басуға болмайды, социалистік Отанды қорғау ісін ұйымдастыруға болмайды деп Сталин жолдас атап көрсетті. Сталин жолдас Лениннің басшылығы арқасында большевиктік партия троцкисттерді, бухариншілерді, буржуазияшыл үлгіштерді, Отанымызға опасыздық істеуші ағымдарды талқандады. Большевиктік партия өзінің қатарын бұрынғыдан да нығайтып, Лениннің Оталық Комитеттің төңірегінде, Сталин жолдасдың төңірегінде бұрынғыдан

сонымен алға басуда, қол қозшылар мен интеллигенция Отан соғысы күндерінде өздерінің отаншылдық борышын жанқиярлықпен орындап келеді.

Совет халқы Ленин өсиеттерін орындай отырып, Сталин жолдасдың басшылығы арқасында социалистік мемлекеттің қарулы күштерінің қуатын қажырлы қайратпен нығайтып, Қызыл Армияның соғыстық күшін қуатын арттырды. Сталин жолдасдың жасаған жоспары бойынша, оның тікелей басшылық етуімен қазіргі замандағы соғыстардың тәжірибесін еске ала отырып қазіргі соғыс техникасының негізінде советтің қарулы күштерін нығайту міндеті шешілді.

Неміс басқыншыларға қарсы ұлы Отан соғысында Сталин жолдас Қызыл Армияны басқарып, Ленин туы астында оны жауға қарсы ұрысқа бастады. Ленин өсиеттерін рухында Сталин жолдас Қызыл Армия мен совет халқын большевиктердің Ленин айтқан тамаша хасиеті—батырлық, ерлік, күресте қорқуды білмеушілік халықпен бірлесе отырып Отанымыздың жауларына қарсы ұрысқа әзір тұру рухында тәрбиелеп келеді.

Сталин жолдас большевиктер партиясы мен совет үкметінің майдандарда ұрыс қимылдарына және тылдағы жұмысқа басшылық ету жөніндегі барлық ісін басқарып отыр. Совет мемлекеті Сталин жолдасдың басшылығы арқасында соғыс жағдайында өте-өте күрделі соғыс және саяси міндеттерді ойдағыдай орындап келеді. Сталин совет халқының күш-қуатын өз бойына жыйған. Сталин—ол біздің заманымыздағы Ленин, ол біздің күреске деген жігеріміз және жеңісіміздің тұлғасы.

* * *

Ленин туы астында Сталиннің басшылығымен большевиктер партиясы және совет халқы өткен жолда ұлы тарихи жеңістерге жетті.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы Отан соғысы күндерінде советтік социалистік етрой өзінің экономикалық системасының, қарулы күштерінің басымы екендігін, социалистік идеологиясының басым екендігін бүкіл әлем алдында көрсетті. Ленин-Сталин партиясы совет отаншылдығы рухында тәрбиелеген халқымыз анамыз—Отан алдындағы өзінің борышын мөлтіксіз орындады, ол социалистік мемлекетімізді жаудан қорғап қалды. Европа мәдениетін сақтады, дүние жүзіндегі бастандық сүйгіш халықтарымын сүйіспеншілігі мен хұрметтеуіне ие болды.

Толық жеңіске жететін күніміз енді талау. Бірақ, жеңіс еш уақытта әздігінен келмейді, оған ауыр ұрыстарда және қажырлы еңбек арқылы қол жетеді. Бізді жеңіске бастаушы кемелгер Сталин бізді, совет халқын, Қызыл Армияны Лениннің: «Бірінші іс—жеңгенге мәз болмау, есірмеу; екінші іс—жеңгенді нығайтып баянды ету; үшінші іс—дұшпанға сілейте соққы беру, өйткені оған тек соққы тиді, бірақ ол әлі соққы жеп болған жоқ» деген өсиеттерін есте сақтауға шақырады.

Қызыл Армия мен совет халқы Ленин өсиеттерін орындай отырып, өзінің алдында Отан қойған қандай міндетті болса да орындау үшін әзір тұруға тиіс.

Совет халқының барлық жеңістерінен біз Ленинизмнің жеңімпаз күшін көреміз. Ленин туы астында, Сталиннің басшылығы мен совет халқы жаңа жеңістерге қарай сонымен алға басуда,

КІШПЕЛІДІЛІК

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1905 жылдың декабрінде, большевиктердің Таммерфорстағы конференциясында, (Финляндияда) кездестім. Мен партиямыздың тау қыранын, ұлы адамды, саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар, керек болса, тұлға жағынан да ұлы адамды көруге үміттендім, өйткені Ленин менің болжауымда дәу, сымбатты, көрнекті адам болып суреттелуші еді. Орта бойлыдан аласа, кәдімгі пәндеден ешбір, тіпті ешқандай айырмасы жоқ, нағыз кәдімгі адамды көргенде, қайран қалғаным-ай...

Дағдыда, «ұлы адам», жыйылыс мүшелерін сарғайтып күтәзіп, жыйналысқа кешігіп келеді және де ұлы адам келер алдында жыйылыс мүшесі: «тыес... ақырын... келе жатыр...»деп хабар берісе еді, өйткені ол мыталаңдырып, хұрмет күшейтіп тұрады. Лениннің жыйылысқа делегациялардан бұрын келгенін және бір бұрышқа отырып алып қарапайым адамдарша әңгімелесіп отырғанын, конференцияның қарапайым делегаттарымен кәдімгі жай әңгіме жасап отырғанын көргенде, қайран қалдым. Жасырмаймын, маған бұл бір қатар хажетті ережелерді бірсыпыра бұзу сияқты көрінді.

Мен кейін ғана түсіндім: Лениннің бұл жайдарылығы мен кішіпейілділігі, бұл байқалмай қалуға тырысуы немесе, қалайда, көзге түспей, өзінің биік дәрежесін көрсетпеуге тырысуы.—бұл белгі—жаңа Бұхараның, адам баласының нағыз көпшілігінің қалың «ортасынан» шыққан кәдімгі, жай Бұхараның жаңа көсемі болған Лениннің ең күшті жағының бірі екен.

ЛОГИКА КҮШІ

Лениннің сол конференцияда: қазіргі шақ туралы және аграрлық мәселе туралы сөйлеген екі сөзі өте тамаша еді. Ол сөздер, амал не, сақталмапты. Ол бүкіл конференцияны рухтандырып, таңтамаша қалдырған сөздер еді. Сендіру күшінің ерекшелігі, дәлелдерінің әрі түсінікті, әрі айқындығы, сөйлемдердің әрі қысқа, әрі жұрттың бөріне ұғымдылығы, сенденбеу-

сөзсіз жепеміз, өйткені біздікі дұрыс», деп жауап қайтарғаны естен кетпейді. Қанжылатын интеллигенттерді жек көру, өз күшіне сену, жеңетініне сену,—міне Лениннің бізге сонда айтқаны осылар еді. Большевиктердің жеңілуі уақытша екені, большевиктер жағын арада жеңіп шығуға тиіс екені сезіліп тұрды.

«Жеңілдім деп қынжылмау».—Лениннің ісіндегі өзгешелік, Ленин жан-тәнімен берілген күшіне сенетін армияны өз маңына біріктіруіне жәрдем берген өзгешелік осы.

АСҚАҚТАМАУШЫЛЫҚ

1907 жылы Лондонда болған келесі съезде большевиктер жеңіп шықты. Мен сонда Ленинді жеңген кісінің күйінде бірінші рет көрдім. Әдетте, жеңу кейбір көсемдердің басын айналдырады, асып-та сыттырады, асқақтатады, көбінесе мұндайда кейбіреулер жеңгенде мәз-майрам болып, жайбарақаттыққа салына бастайды. Бірақ Ленин ондай көсемдерге ешбір ұқсамайтын. Қайта, ол жеңгеннен кейін ерекше сак, ерекше қырағы болатын. Лениннің: «бірінші іс—жеңгенге мәз болмау, есірмеу; екінші іс—жеңгенді нығайтып баянды ету; үшінші іс—дұшпанға сілейте соққы беру, өйткені оған тек соққы тиді, бірақ ол әлі соққы жеп болған жоқ» деп делегаттардың құлағына құйғаны естен кетпейді. Ленин «енді меньшевиктердің қарасы батты» деп таяз ойлаған делегаттарды қатты мысқылдады. Жұмысшылар қозғалысында меньшевиктердің әлі тамыры бар екенін, өз күшінді асыра бағалаудан, әсіресе дұшпанның күшін кеміте бағалаудан аулақ бола отырып, меньшевиктермен күресе білу керек екенін дәлелдеу Ленинге қиын емес еді.

«Жеңдім деп Асқақтамау».—Лениннің мінезіндегі өзгешелік, Лениннің дұшпанның күшін дұрыс өлшеуіне, партияны абайсызда кездесетін түрлі пәледен сақтандыруына жәрдем берген өзгешелік осы.

ПРИНЦИПШІЛДІК

Партия көсемдері өз партиясының көпшілігінің пікірін қадірлемей тұра алмай-

Бұхараға ат үстінен қарап, Бұхара кітаптап үйретуге тырыстатқандардың рін де Лениннің жек көретіні осыдан. Лениннің Бұхарадан үйрену керек, Бұхараның қимылына ұға білу керек, Бұхара күресінің практикалық тәжірибесін деп зерттеп білу керек, деп талмай ілаққа құлып нәсихаттай беретіні осыдан еді.

Бұхараның творчестволық күшіне сену—Ленин ісіндегі өзгешелік, Лениннің схианы ұғылуына, стихия қозғалыс пролетар революциясының арнасына слып отыруына мүмкіншілік берген өзгешелік осы.

РЕВОЛЮЦИЯ ДАНЫШПАНЫ

Ленин революция үшін туған еді. Ленин революциялық дүмпулердің нағыз данышпаны, революциялық басшылықты ұлы шебері еді. Ленин революциялық сінкістер заманындағыдай еш уақытта елік, қуанышта болған емес. Мұнымен тіпті: Ленин революциялық сілкіні атаулының бәрін бірдей мақұл көрді немесе Ленин ерқашанда, барлық жағдайда да революциялық дүмуді жақтады, демеу емесін. Тіпті олай емес. Мұнымен, мектек: Лениннің данышпандық қырағылығы революциялық дүмпулер кезіндегідей еш уақытта толық айқын білінген емес, де меккіні. Революцияның кезеңді күндерінде Ленин гүл-гүл жайнап, көреген болды таптар қозғалысын және революция жолында кездесетін бұраң жолдарды алақан дағыдай айқын көріп, күні бұрын болжады. Біздің партия адамдарының арасында: «Ильич революция толқынында судағы балықтай жүзе біледі» деп бекерге айтылып жүрген жоқ. Лениннің тактикалық ұрандарының «көремет» айқындығы революциялық ойлардың «бас айналарлықтай» батылдығы осыдан келіп шығады.

Данышпандық қырағылық, болғалы тұрған ойшылдардың ішкі мәнін тез ұғып, таба білу—Лениннің хасиеті, Лениннің революциялық қозғалыстың кезеңдерінде дұрыс стратегия, айқын бағыт белгілеуіне жәрдем берген хасиет осы.

Советтер Одағының Маршалы А. Василевскийді «ЖЕҢІС» орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Зор көлемдегі ұрыс қимылдарына басшылық ету жөнінде Жоғарғы Вас Роман-дованиенің тапсырмаларын шеберлікпен

орындап, бұл ұрыстардың нәтижесінде неміс-фашист әскерлерін талқандау ісінде көрнекті табыстарға жеткені үшін Совет-

тер Одағының Маршалы Александр Михайлович Василевский «Жеңіс» орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль, — 1945 жылғы 19 апрель.

Совет Хабаршы бюросынан

20 АПРЕЛДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

Әскерлеріміздің орталықтағы тобы ОДЕР өзені мен НЕЙСЕ өзенінің батыс жағында шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды. Бұл ұрыстардың нәтижесінде әскерлеріміз БАД-ФРАЙЕНВАЛЬДЕ, БРИЦЕН, ЗЕЕЛОВ, ЛЕБУС, КЕЙТТЕН, НИСКИ, ЛПРЕМБЕРГ, ГОЙЕРСВЕРДА қалаларын алып, КАМЕНЦ және БАУЦЕН қалаларына (ДРЕЗДЕН бағытында) жақын көлді.

РАТИБОРДЫҢ оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында 4-УКРАИН майданының әскерлері дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, КОМАРОВ, МОКРЕЛАЗЦЕ, КАВИЧОВ, ПИШТ КРЕЙЦЕНОРТ, НОЙДЕРФЕЛЬ, ОЛЬЗА қыстақтарын алды.

Австрия жерінде ВЕНАНЫҢ солтүстік жағында 2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасап отырып, АЛЬТ ХЕФЛАЙН, ГИНЦЕРСДОРФ, ЗРДБЕРГ, ИЕТЦЕЛЬСДОРФ, ӘМЕНИС, ШТААТЦ, ВУЛЬТЕНДОРФ, ФРАТТИНГСДОФ, ПООСДОРФ, НИДЕР-ЛЯИС, ШТЕЙНБАХ қыстақтары мен ШЛЕНЦ, НИДЕР-ЛЯИС темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

19 апрелде барлық майдандарда немістердің 129 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 140 самоләті атып түсірілді.

Әскерлеріміздің орталықтағы тобы Одер өзені мен Нейсе өзенінің батыс жағында шабуыл ұрыстарын жүргізді. Дрезден бағытында әскерлеріміз Нейсе өзенінен өтіп, дұшпанның бекіністі шеңберін бұзды. Жаудың шөбі бұзылған жерге жүрдек бөлімдеріміз тап берді. Көптеген көлдер мен өзендердің аралығындағы орманды жерлердің қиын жағдайына қарамастан әскерлеріміз 15 километр алға басып, Шпрее өзеніне жетті. Дұшпан Шпреедің іргелерінде өлмермендікпен қарсылық көрсетті. Гитлершілдер өз әскерлерін 3 танкі дивизиясымен және моторландырылған 1 дивизиямен күшейтіп, әлде неше рет қарсы атака жасады. Совет жау әскерлері, артиллерияшылары мен танкішілері жауды кері қуып тастап отырып, немістердің 56 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегінің жойылған жібін алды. Дұшпан ұрыс даңасында өз солдаттары мен офицерлерінің қалған бөліктерін қалдырды. Әскерлеріміз Шпреебег қаласының оңтүстік жағында Шпрее өзенінен өтіп, сөйтіп батыста өдіс жасады да қаладағы жаудың тарихи аумағын қысқартып алды. Немістер орасан көп шығынға ұшырап, тозағындай көрі шегінді. Бұл ауданда немістерден 15 самолет, 60 зеңбірек және басқа олжа қолға түсірілді. Жау әскерлеріміз табысты дамыта отырып, Гойерсверд қаласын тік шабуылмен алды. Мұнымен қатар, совет бөлімдері Каменц және Бауцен қалаларына жақын келіп, дұшпанның қорғанысын бұл күшті тіректі бекіністерінің шег аймақтарында ұрыс бастады. Каменц қаласы Дрезденнің солтүстік-шығыс жағында 32 километр жер

болды. Бөлімшелеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, Опава өзенінен өтті, сөйтіп бірнеше биікті алды. Бұл ауданның өзен жағалауындағы барлық жерлерінде жиі-жиі оқытар мен жер үйлер қазылып, бұл бірнеше қатар орнатылған тікенек сым бағеттерімен және миға төселген алаңдармен бүркемеленген. Немістер бұл шеңберге сүйене отырып, әлде неше рет қарсы атака жасады. Совет жау әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтарып тастады, сөйтіп бұдан соң жауға қауырт соққы берді де Хавичов қыстағын алды. Әскерлеріміз Опава және Моравска Острава қалаларының арасындағы темір жолды иеленіп өтті. Әскерлеріміз табан тірейтін шеңберді кеңейту жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, дұшпанның бекіністі шеңберіне көз болды. Советтің шабуылшы топтары күн көшкіре дұшпанның бірнеше атыс бекіністерін алды. Табан тіресе мен ұрыстан кейін Опава қаласының оңтүстік-шығыс жағында 4 километр жердегі Комаров тіректі бекінісі алынды.

Венаның солтүстік жағында 2-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Дұшпан қорғанысын аралық шеңберіне сүйеніп, қарсылық қарсылық жасауда, сөйтіп әлсіз-әлсіз қарсы атакаға шығуда. Коскілескен ұрыста советтің гвардияшы бөлімдері немістерді бірнеше елді жерлерден түріп шығарды. Солтүстік жаққа қарай шығатын автомобиль жолының бойымен шабуыл жасаушы екінші бір бөлімдеріміз 10 километр алға басты. Бір ауданда гвардия капитан Новоселовтың танкішілері сай арқылы дұшпанның қар-

Өнеркәсіп орындарының

партия-шаруашылық

белсенділерінің облыстық

мәслихаты

Петропавл қаласында өнер кәсіп орындарының партия-шаруашылық белсенділерінің облыстық мәслихаты болып өтті. Мәслихатта ҚК(б)П обкомі секретарінің орынбасары Забабурин жолдас облыс өнер кәсіп орындарының 1944 жылғы және 1945 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмыс қорытындылары туралы баяндама жасады.

—Тыл қызметкерлері, — деді баяндамашы күн санап жаңа табыстарға жетуде, майданға еселеп көмек көрсетудің қайнар бұлағын тасытуда. Облыс өнеркәсіп орындарының басшылары мен стахановшылар соғыс жылдарында өндірілген продукцияның түсер бағасын кемітуде бірталай жұмыстар істеді. Ұйымдастыру-техникалық кемшіліктер салдарынан машиналардың уақытты босқа өткізуі қысқартылды. Өткен жылы облыс өнеркәсібі жаңадан 12 түрлі бұйым өндіру ісін игерді. Өнер кәсіп орындарында еңбек өнімнің артуына еңбек тәртібінің нығайтуы, жаңа әдістерді қолдану және Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс көп әсер етті. Егор Агарков жолдасының жұмыс әдісін қолдану нәтижесінде тек қана үш заводта жүздеген маман жұмысшылар жұмыстан босатылып, басқа жұмыстарға қосылды. Мұның өзі ай сайын 70 мың сом қаржы үнемдеуді қамтамасыз етті.

Бұдан кейін Забабурин жолдас облыстың өнеркәсіп орындарындағы кейбір елеулі кемшіліктерге тоқталды. Ол бір талай өнеркәсіп орындарында өндірістік тапсырманың орындалмағанын, ішкі заттың мөлшерден артық жұмсалғандығын отын мен электр қуатын пайдалану ісі жолға қойылмағандығын, мұнымен қатар, бір талай өнер кәсіп орындарында продукцияның түсер бағасын кеміту жөніндегі тапсырманың жүзеге аспай қалғандығын айтып өтті.

—1945 жылдың 1 тоқсанында, — дейді баяндамашы, — өнеркәсіп орындарының коллективтері ауыл шаруашылығына керекті бөлшектер жасауға және тракторлар үшін күрделі бөлшектер жасау ісін игеруге ерекше назар аударды. Мәселен, Сернуховитин жолдас директор болып істейтін заводта ЧТЗ тракторларының күрделі бір бөлшегін жасау ісі игерілді. Резчик Шведов, Макаров және Струганов жолдас

Қарттықты жеңу, көп жасау мәселесі туралы

Ұзақ өмір сүріп, көп жасауды адамзат ежелден арман еткен, тек арман етіп қана қоймай, қайтадан жасарып, өлімді алыстатуға әруақыт әрекет жасап келген. Мысыр халқы көп күссең, көп терлесен, ұзақ жасауға болады деп ойлаған. Кездескенде: «деңіз сау ма?» деп аманда судың орнына, бір-бірімен: «қалай, көң терлейсің бе?» деп сұрайтын болған. Рим жұрты, жас қыз балалардың лебі адамға қуат береді, қартаймауға себеп болады деп ойлаған. Бұрынғы қытай жұрты қартаймау үшін жолбарыстың безін жеу керек деп есептеген. Орта ғасырларда мәңгілік өмірдің емін табуға көп әрекет жасалған. Бірақ, сонда да адамның орташа өмірі 60—70 жастан аспайды. Ал адамның ақыл-ойы неғұрлым толысатын кезі 50 жастың шамасы. Дарвин мен Пастер өздерінің ең жақсы шығармаларын 50 жастан асқаннан кейін жазған, Верди «Фальстаф» операсын 80 жасында жазыпты. Римдегі Петр Соборының нақыштарын Микель Анджело 80 жастарында аяқтаған. Гете өзінің данышпандық шығармасы «Фаусты» да осы шамаға келгенде аяқтаған. Жасы жеткенде, мезгілмен келетін қарттық бар екені даусыз. Ал адам көбінесе мезгілінен бұрын қартайды. Адамның ұзақ жасай алатындығына дүние жүзілік әдебиеттен көп мысалдар табуға болады. Мәселен атақты Томас Патре 152 жыл жасаған. Бұл өмірін ол жай шаруа болып, еңбекпен өткізген. Томас Патре 119 жасында екінші рет үйленген. Санковский деген шаруа 1927 жылы 140 жаста еді. Анри Барбюс бұл шаруаны көргенде оның қуаттылығына таңданыпты айтады. «Комсомол правдасы» 1936 жылы Абхазияда ұзақ жасаған адамдардың көп екенін жазды. Ошамыр ауданының азаматы Кнузу 1935 жылы (қайтыс болар алдынан) 155 жаста болған, абхаз Алей Машаева 150 жаста болған. Ол сол кездің өзінде қуатты, өткендегі оқығаларды ұмытпай айтып отыратын болған.

Сонымен, «100 жыл түгіл, 150 жылдың өзі де адамның тек өміріне ғана емес, оның қуатының сақтауына да шек болмайды» дейді академик Богомолов. Адамның мезгілінен бұрын қартаюының себептері туралы әртүрлі пікірлер бар. Мезгілінен бұрын қартаюдың ең бірінші себебі әлсіздік тұрмыста. Шексіз қаталдық, езілушілік, жоқшылық жайлаған елдерде адамның көп жасауына

шаз Броун-Секар 1839 жылы жасап көрді. Секардың пікірінше, қартай келе адамның безі өзінің қызметін нашар атқарады, немесе атқарудан тоқтайды, мұнан кейін адамның ұрығы бөлініп шықпайды, мұнымен қатар оның ішкі секреция өнімі гормондар шығудан тоқтайды. Ал бұл гормондар әдетте қанға қосылып, адамның жеке тамырларын қозғап отырады.

72 жасында қартайғанын, қуатының кемігенін сезгеннен кейін Броун-Секар үй қонысының өңу безінен дәрі жасап, оны өзінің денесіне еккен. Мұнан кейін ол кәдімгідей жасарып, ұзаққа бармаса да, бірсыпыра уақытқа қайтадан әлденген. Броун-Секардың бұл жасаған дәрісі қарттықты жеңе алмаса да, денедегі заттардың араласуын күшейтетін дәрі ретінде медицинада зор маңызы болды.

Орыс ғалымы Мечников қарттықты жеңу жолында көп еңбек етті. Оның пікірінше, адамның жасы жетпей қартаюының себебі: адамның бүйен шегінде, жеңген тамағымыздың қалдықтары қоректеліп, шекті тазартып отыратын орасан көп микробтар болады. Бұл микробтардың пайдасымен қатар зияны да бар, өйткені олардың өмір сүруінің ұлы қалдықтары қанға сіңіп, бүкіл денені ұландырады. Мұның өзі адамның жасы жетпей қартаюына себеп болады. Мечниковтың пікірінше, бүйен шекті адамның бала кезінде алып тастаса, жақсы болар еді, бірақ көп адам бұған көпбейді. Сондықтан Мечников бүйен шектегі микробтардың зиянынан құтылу үшін басқа шара қолдануды ұсынады. Оның бұл ұсынысы бойынша, адамның бүйен шегіне зиянсыз микробтар енгізу керек. Бұл микробтар адамның денесіндегі зиянды микробтарды жояды. Мечниковтың ойынша, мұндай пайдалы микробтар анықтан сүтте айран да болады. Мұндай пайдалы микробтарды денеге енгізу үшін айранды, қатықты көп ішу керек.

Соңғы 10 жылдардың ішінде адамның жасы жетпей қартаюына өңу бездерінің нашарлауы—ішкі секрецияның бұзылуы себеп болады деген пікір басым болып келеді. Бұл секрецияны күшейту үшін атақты физиолог Стелънах мұнан 30 жыл бұрын денедегі ұрық өтетін жолдарды байлап, қанға ішкі секреция гормонын өңіп өткізу жолын ұсынды. Мұндай жолмен ол аюандарды, адамды жасартты. Мұның үшін ол басқа да амалдар ұсынды. Бірақ бұл амалдардың бәрі іс жүзінде адамның өмірін ұзарта алмайды. Көбі

Маршал И. Броз-Титоның Белградқа келуі

БЕЛГРАД. 20 апрел. (ТАСС). И. Броз Титович, Сауда және Жабдықтау Министрі Петровичтің Тау-кен Өнеркәсібі Министрі Андричтің, Черногорье Істері Жөніндегі Министр генерал-лейтенант Джилластың және Югославияның ССРО-дағы Соғыс Миссиясының Бастығы генерал-лейтенант Приморовтың бүгін самолетпен Белградқа келгендігін Белград радиосы хабар етті.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН. 20 апрел. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясы штабының хабарында былай делінген: Немістер Аалер өзенінің шығыс жағында—Нюрнберг ауданында орасан зор жеңіліске ұшырады. Голландияның солтүстік-шығыс жақ бөлегі жаудан толық дерлік азат етілді. Брауншвейгтің солтүстік-шығыс жағында немістердің қарсы атака жасауы мүлде тоқтады. Галле қаласы дұшпаннан тазартылды. Лейпциг—жаудан толық дерлік тазартылды. Одақтастар әскерлері қазіргі күнде Хемница ауданында тұр. Нюрнберг барлық жақтан қоршауға алынды. Гейльсбронн мен Нюрнберг аралығындағы ауданда одақтастар әскерлері 24 сағаттың ішінде жаудан 8101 адам, оның ішінде 3 генерал және әйелдерден құралған көмекші бөлімдердің солдаттары мінген әскери эшелонды қолға түсірді.

ЛОНДОН. 20 апрел. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: 8-армияға қараған ағылшын бөлімдері дұшпанды Арджента маңындағы алқаптан түріп шығарды. Одақтастар әскерлерінің жедел алға басушы бөлімдері Колсанлодо және Беняныянте пункттерін алды және олар қазіргі күнде Портомаджоре төңірегінде тұр.

Болоньяның шығыс жағында Жаңа Зеландиялық және Индиялық бөлімдер Кварері каналына жетті.

Болоньяның оңтүстік жағында 5-армияның бөлімдері Монте Поззияно биігі алып, Болоньяның оңтүстік жағында 1 милли жерде Пьяноро қаласының өңіріне жетті.

Одақтастар авиациясының қыймылы

ЛОНДОН. 20 апрел. (ТАСС). Одақтастар

жақтан басып кіріп, кескілескен ұрыстар да жаудың гарнизонын талқандады. Бригад үшін болған ұрыстарда немістердің 2000нан аса солдатты мен офицері жойылды.

Авиациямыз жер бетіндегі әскерлерге белсене көмектесті. Совет ұшқыштары жауға тікелей бомба тастап және соққы беріп дұшпанның қорғанатын бекіністерін талқандауда, сөйтіп оның адам күші мен техникасын жоюда. Бір күнгі әуе ұрыстарында немістердің 90 самолёті атын түсірілді. Мұнымен бірге, зенит зенді бригаданың оғымен дұшпанның 34 самолёті атын түсірілді.

Ративер қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында 4-Украин майданының әскерлері ұрыспен алға басуда

командірі қолға түсірілді.

Бір күнгі ұрыстарда майданның түрлі учаскелерінде немістерден 15 танк, 30 зенбірек, 8 бронетранспортер, 40 паровоз, 457 темір жол вагоны, 126 цистерна, сол сияқты оқ дәрі және әртүрлі соғыс мүлкін қойған 17 қойма қолға түсірілді. Немістердің 960 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық Флотының авиациясы Пиллау портында және Пиллаудың солтүстік батыс жағында немістердің 15 мың тонналық 4 транспортын және 14 мың тонналық 4 танкерін суға батырды.

Флот кемелері Балтық теңізінде дұшпанның 8 мың тонналық транспортын суға батырды.

ты басқа жолдастар шығып отырды. Олар мәсхихатқа қатысушылардың алдында Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстың барысын баяндады.

МТСтарға Ә.ЕРЛІ КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ

Двигательдер жасайтын завод Приешім ауданының 3 МТСын қамқорлыққа алды. Завод коллективі жақында қамқорлығындағы станцияларға 3 көпшегі кітапхана, тұқым сепкіш машиналар, 200 конус және басқа көптеген бөлшек заттар жөнелтті. Трактор бригадалары үшін 1200 аспап-сайман жасалып жатыр. Бұл заказты орындауда комсомол мүшелері Максютова, Воронина, Дүзбаев және басқалары тапсырманы үнемі екі есе артық орындап жүр.

се, оның сол құрлым көп жасайтынын айтқан. Бюффонның айтуынша аяуанның өмірінің ұзақтығы оның өсу дәуірінен 5—7 есе артық болады. Олай болса адамның орташа жасы 150 жас болу керек. Өйткені адамның денесінің өсуі 20—25 жастарда аяқталады. Бірақ адамның көбі 100 жасқа да жетпейді. Адамның денесінің мезгілі жетпей солуына себеп болатын элеуметтік тұрмыстағы себептерден тыс өмірді қысқартатын бірсыпыра биологиялық себептер де бар. Бұл себептерге ғалымдар мың жылдар бойына ерекше көңіл бөліп келді. Көп жасау үшін көп амалдар, кейде мүлде қиынсыз өрескел амалдар ұсынылды. Мұндай амалдардың ақылға қонымдылары да болды. Қарттықты жеңу үшін алғаш рет ғылым жолымен дәлелденген тәжірибені атакты білім-

Адамның өмірін ұзарту үшін осындай және осы сияқты бірсыпыра амалдар бар. Бірақ, қартайған адамды жасарту үшін ғана емес, адамның мезгілінен бұрын қартайына жол бермей, оған бөгет жасау үшін де күресу керек. Өмірді ұзарту үшін қарттықты «емдеуден» де өмірді дұрыстап басқарудың, денені жақсы күтудің, газға жүрудің, әсіресе гимнастика жасаудың зор маңызы бар. Адамның бүкіл денесі қызметті бірдей істеуі керек. Ой еңбегі мен дене еңбегі қызметкерлерінің тұрмысында айырма болмау керек. Жасы жетіп қартаю үшін адамның дене мүшелерінің бірдей, бір қалыппен өсуінің зор маңызы бар. Сондықтан адамның дене мәдениеті мен рухани мәдениетіне бірдей көңіл бөліп отыру керек.

Профессор М. РОЗЕНБЕРГ.

шабуыл жасағандығын жаулаушылар падағы авиациясының штабы хабар еткен.

ЛОНДОН, 20 апрел. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 19 апрелі кешкілікте ағылшының «Москито» бомбашылары Берлинге шабуыл жасаған.

Америка әскерлері гитлершілдерді қолға түсірді

ЛОНДОН, 20 апрел. (ТАСС). Рейтер агенттігінің 12-армия тобының жанындағы арнаулы тілшісі Америка әскерлерінің гитлершілдердің көрнекті нәсіхатшысы әрі Риббентроптың ақылшысы және досы Манфред Паппаны қолға түсіргендігін жазды. Сол сияқты гитлершілдердің бұрынғы азық-түлік және жер бөліс министрі Вальтер Дарре де қолға түсірілді. Ол қазіргі күнде тұтқында отыр.

Ауыл шаруашылық артелінің Уставы—колхоздар үшін бұлжымас заң

Ауыл шаруашылық артелінің уставы бойынша, артель мүшелерінің жалпы жыйылысы—артельді басқарудың ең жоғарғы орны болып есептеледі. Колхоздың жұмысымен байланысты барлық негізгі мәселелер артель мүшелерінің жалпы жыйылысы арқылы шешіледі. Жалпы жыйылыс колхоздың председателі мен басқармасын және тексеру комиссиясын сайлайды. Колхозға жаңа мүшелер қабылдайды. Уставты бұзушыларды, артельдің жұмысына кесел келтіруші ала аяқтарды колхоз мүшелігінен шығарады.

Бірақ, ауданымызда колхозшылардың жалпы жыйылысының бұл сияқты зор қызмет атқаратындығы әлі күнге ескерілмей келеді. Бірталай колхоз басшылары өз колхозында неше мүше бар екенін де білмейді. Немесе бір колхоздан екінші колхозға председателдікке жіберілгенде, сол колхоздың жалпы жыйылысына өтініш беріп, колхозға заңды мүше болу керек екендігін ескермейді.

Мысалға, «Қызыл ағаш» колхозының председателі Садуақасов жолдасты алайық. Жұмырда олай:

—Сіздің колхозда неше мүше бар?—деп сұрадық. Бұл оған күтпеген жерден қойылған сұрау болды. Садуақасов жолдас бұл сұраққа толық жауап бере алмайтындығын мойындады. Мұндай жағдай «Победа» колхозының председателі Голяк, «Сартомар» колхозының председателі Әубәкіров тағы басқа жолдастардан да кездесті.

Бірталай колхоздарда 16 жасқа жеткен жас өспірімдер жалпы жыйылыстың қа-

рарынсыз-ақ колхоз мүшесі болып жүр. Осы сияқты колхозшылардың жыйылысқа қатысуында, басқарма мәжілісін өткізуде, мәжілістің қарарын жалпы жыйылыс арқылы колхозшыларға жеткізуде де уставты бұрмалаушылық кездесіп отыр. Бұл колхозшылардың еңбек өнімінің кеміне әкеп соқпай қоймайды. 1944 жылы аудан бойынша 464 адам еңбек күн табу мәлшерін орындамады. 46 «колхозшы» жыл бойына бірде-бір еңбек күн таппады. Еңбек тәртібі әсіресе «Красный полтавец», «Новый быт», «Қаратаал» колхоздарында нашар болды.

Колхозды басқару жөніндегі ең жоғарғы орын болғандықтан, колхозшылардың жалпы жыйылысы колхоз мүлкіне қолжа болады. Алайда, колхоздың басқармасы және оның председателі колхозшылардың жыйылысының билігісіз колхоз мүлкіне қолалық етуге, немесе жалпы жыйылыста бекітілген кіріс-шығыс сметасында қаралмаған колхоз қаржысын жұмсауға қақы жоқ. Не пайда, уставтың бұл тәртібі кей колхоздарда көріне-көзге бұрмаланылып отыр.

«Қаратаал» колхозының председателі Игібергенов жолдас 1944 жылы колхоз фермасынан 2 қойдың талан-таражға салынуына жол берді. Фермада быйыл тағы да 2 қойдың орны жоқ. Мұнымен қатар ол жалпы жыйылыстың және аудандық жер бөлімінің лүкесатынсыз бір қойды өз керегіне жаратты. Колхозда бірсыпыра басы артық пішен бар еді. Колхозшылар бұл пішенді мал, тұқым, құрал-сайман сатып алуға жұмсаймыз деп есеп

тейтін. Ал Игібергенов жолдас 100 цент нер пішенді өз бетімен талан-таражға салды. Өзінің қылмысты ісін жасыру үшін Игібергенов жолдас колхозда есеп жұмысын шатастырды.

«Теңелдік» колхозының бұрынғы председателі Есіркепов жолдас колхоздың қолдамдық малын және азық-түлігін талан-таражға ұшыратты. «Елтай» колхозында өткен жылы 2415 литр сүт сауылды. Бұл әрбір сыйыр жыл бойына 215 литр ғана сүт берді деген сөз. Осы сүттің небарі 9 проценті—228 литрі ғана мемлекетке тапсырылды. Қалғаны колхоз председателінің билігімен кім көрінгенге үлестірілді.

Ауданда жыл бойына 663561 литр сүт сауылып, бұған бұзауға берген сүтті қоспағанда оның 50 проценті ғана мемлекетке тапсырылды. «Жалтыр» колхозында бұнда жыл бойына әрбір сауын сыйырда 13 литр, «Кенес» колхозында 133 литр, «Еңбек» колхозында 104 литр ғана сүт сауылған болып отыр. «Өрнек» колхозында әрбір қойдан 520 грам, «Қызыл ағаш» колхозында 700 грам, «Еңбек» колхозында 800 грам, «Кенес» колхозында 750 грам ғана жүн қырқыды.

Бұл неліктен? Шынымен ауданымызда мал шаруашылығының өнімі аз болғаны ма? Бірталай колхоздардың басшылары сыйырдан сүттің аз сауылуын сыйырдың жұмысқа жетілуінен деп түсіндіруге тырысты. Шынында бұл ақиқатқа жауаспайды. Өйткені жұмысқа пайдаланылмайтын малдың өнімі 2—4 есе кем бергендігі неліктен деген сұрақ тұрады. Олай болса, малдың өнімі аз емес, мал шаруашылығының өнімі көріне-көзге талан-таражға салынып, колхоз басқармасы қылмысты бүркемелеу үшін есеп жұмысын шатастырып отыр деп түсіну керек.

Колхоздың қаржысын жұмсауда да көп өрескелдіктер бар. «Кенес», «Новый быт» және «Еңбек» колхоздарының барлық ақша кірісі толық колхоздың мұқтажына жұмсалды. Ал колхозшылардың еңбек күндеріне бірде-бір сом ақша бөлінбеді. «Еркіндік» колхозында қаржы жұмсау тәртібі өрескел түрде бұрмаланды. Осының салдарынан колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 58 тыйын ғана ақша берілді. Өткен жылы аудан колхоздарының жалпы кірісі 2820 мың сом болса, мұның 762,6 мың сомы ғана колхозшылардың еңбеккүндеріне бөлінді.

БК(б)П Орталық Комитеті «Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаузысында колхоз бен колхоз арасындағы қарызды өтеу мәселесіне ерекше тоқталған еді. Бірақ «12 лет октября», «Победа», «Борьба» тағы сол сияқты колхоздар көршілес колхоздардан алын қарыздарын 3—4 жыл бойы өтей алмай келеді. Бұл колхоздардың басшылары колхозды борыштан шығару үшін ешбір шешуші шара қолданған емес.

Сталиндік уставтың негізгі және ете маңызды талабының кейбір колхоздарда осы сияқты бұрмалануына себептер колхозда еңбек тәртібінің нашарлығынан, егін шаруашылығындағы және мал шаруашылығындағы колхозшылардың еңбегін дұрыс бағаламаушылықтан болып отыр. Бірталай колхоздарда колхозшылар ай бойына қанша еңбек күн тапқандығын білмейді, олардың қолында еңбек кітапшасы жоқ.

Ауыл шаруашылық артелінің уставын бұрмалауға жол беріп отырған жағдайлардың бірі—колхоздардың тексеру комиссияларының колхоз басқармасының және басқа басшы адамдардың жұмысына бақылау жүргізу жөніндегі өздерінің

міндеттерін сылабыр орындайтындығы болып отыр. «Новый быт», «Сартомар» тағы сол сияқты бірнеше колхоздарда екі жылдан бері колхоз басқармасының жұмысын тексеру ісі жүргізілмеген. Анығында ол колхоздардың басшылары тексеру комиссиясының жұмысына мән бермейді, тексеру комиссиясын сайлауға ат үсті қарайды. Мәселен, «Игілік» колхозында тексеру комиссиясының председателіне колхозда мүше емес, оқытушы Ақпапбаев жолдас сайланған. Ал Ақпапбаев жолдас ауыл шаруашылығы ұставымен таныс емес. «Совет» колхозының председателі Базылов жолдас колхозшыларды жұмысқа бөлуде тексеру комиссиясы председателінің пікірімен сандаспаған.

Ендігі жерде тексеру комиссиялары колхозда көпшілік бақылау орны болу керек. Жылына ең кемінде төрт рет тексеру жүргізіп, колхоздың заттай және ақшадай кірістері кіріске кірген бе, колхоздың қаражаты уставқа сәйкес жұмсалма ма, колхоз мүлкі дұрыс сақтала ма, колхоз мемлекет алдындағы міндеттемелерін толық орындап келе ме? —міне осыларды бақылап отыру хажет.

Қазақстанның 25 жылдығына қызу әзірлік жүріп жатыр. Бұл әзірлік айбынды Қызыл Армияның даңқты жеңістеріне ұласуда. Мереке алдындағы социалистік жарыс және Қызыл Армияның зор жеңістері колхозшыларды, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерін Сталиндік уставты бұзжытпай жүзеге асырып, жұмысты соғыстағына атқарып, еліміз бен майданға мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өнімдерін еселеп мол беруге міндеттейді.

Қ. ТҰЯҚБАЕВ.

Совет аудандық жер бөлімінің меңгерушісі.

Луи Сайяның мәлімдемесі

ПАРИЖ, 19 апрел. (ТАСС). Франс Пресс агенттігінің Нью-Йорктен берген хабарына қарағанда, Қарсылық Көрсетудің Ұлттық Советінің Нью-Йоркте жүрген председателі Луи Сайян, 18 апрелі «Франция—Франция күйінде қалады»: ты қоғамның жыйылысында Коллаборационистердің (неміс басқыншылармен бірлесіп іс еткен адамдардың) осы уақыт дейін Францияның әкімшілік және өнер кәсіп орындарында жауапты қызмет атқарғандығын мәлімдеді. Сайян, соңғы айларда Франция үкіметінің «кешірім (ру саясатын)» жүргізе бастағандығын: не онда немістермен қолайлы келісім жасаған адамдардың әлі де болса бар екендігін, бұл адамдардың қазіргі күнде америкалықтармен де оп-оңай келісе қоймашы болып отырғандығын мәлімдеді.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Петропавл қаласының Лобковский көшесі № 12-үйде тұратын Николай Матвеевич Куренков оның әйелі Федосия Емельновна Куренковамен айырылысатындығы туралы өтініш тапсырды. Іс Петропавл қаласының 3-учаскелік халық сотында 1-жылғы 26 апрелде қаралады.

Халық сотының адресі: Ворожский көшесі, 47-үй.

Жол қатынас Халық Комиссариатының 124 үйіндегі 1-пәтерде тұратын Ника Павловна Червякова оның ері Алексей Иванович Колчановпен айырылысатындығы туралы өтініш тапсырды. Іс 1945 жылғы 25 апрелде Петропавл қаласының 3-учаскелік халық сотында қаралады.